

орман және су қоры, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, сауықтыру, рекреациялық және тарихи-мәдени мақсаттағы жерлер құрамындағы иеліктен шығарылатын үйлер (құрылыстар, ғимараттар) орналасқан, сондай-ақ оларды

пайдалануға арналған жер учаскесіне талап етілмейді.";
мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Осы баптың 2-тармағында көзделген шектеулер жерді пайдаланушылардың орман және су қорлары, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, сауықтыру, рекреациялық , тарихи-мәдени мақсаттағы жерлер құрамындағы иеліктен шығарылатын үйлер (құрылыстар, ғимараттар) орналасқан, сондай-ақ оларды пайдалануға арналған жер учаскесіне арналған жерді пайдалану құқығына қатысты жасалатын мәмілелерге, соның ішінде кепілге салуға қолданылмайды.";

3) 50-баптың 2-тармағының бірінші бөлігі "Жер учаскелері" деген сөздердің алдынан "Осы Кодекстің 48-бабының 1-тармағына сәйкес сауда-саттықта (конкурстарда, аукциондарда) сатуға ұсынылатын жер учаскелерінің тізбесіне енгізілгендерді қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын;

4) 7 9 - б а п т а :

5-тармақта бесінші, алтыншы және жетінші абзацтары алынып тасталсын;

6 - т а р м а қ а л ы н ы п т а с т а л с ы н .

2-бап. Осы Заң ресми жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті